

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА  
УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ  
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

# *«Тиімділік» - экономикалық көрсеткіші , оның есебі*

---

*Орындаған: Бижанова З.Т.*

*Факультет: Фармация*

*Тобы: 13-002-01*


*Қабылдаған: Елшібекова Қ.М.*

# Жоспар:

1. Экономикалық тиімділік туралы
2. Активтердің тиімділігі
3. Жұмсалған шығынның тиімділігі
4. Сатылым тиімділігі
5. Капиталдың тиімділігі
6. Пайдалану тиімділігі

Экономикалық тиімділік – кәсіпорынның қаржылық қызметінің жалпылама көрсеткіші. Тиімділік көрсеткіштері кәсіпорынның қаржылық қызметін бағалау үшін және инвестициялық саясат пен баға белгілеу үшін қолданылады.

- Тиімділік көрсеткіштерінің түрлері:
- өндіріс пен инвестициялық жобалар шығынының тиімділігін (өзін-өзі өтеуді) сипаттайтын көрсеткіштер;
- сатылым тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер;
- капитал мен оның бөліктерінің табыстылығын сипаттайтын
- активтердің тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер. Тиімділіктің осы көрсеткіштерінің бәрі теңгерімдік пайда, өнімді өткізуден алынған пайда мен таза пайда негізінде есептеледі



# Активтердің тиімділігі

**Активтердің тиімділігі** – кәсіпорынның негізгі қызметінің нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін кешенді көрсеткіш. Кәсіпорын активтерінің 1 теңгесіне шаққандағы қайтарымды көрсетеді:

• Активтердің тиімділігі = оперативтік пайда × Активтердің орташа сомасы.

Түрлі факторлардың ықпалын бағалау үшін басқа формуланы пайдалануға болады:

• Активтердің тиімділігі = Сатылымның Тиімділігі × Активтердің айналымдылығы.

Осы арақатынасты зерттей отырып, әрбір элементтің нәтижеге әсер ету дәрежесін анықтауға болады. Бұл коэффициенті басшының кәсіпорынды басқарудағы негізгі жұмыс құралдарының бірі болуға тиіс. Кәсіпорын қызметі пайдалылығының аса маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде ол кәсіпорын жұмысының барлық жағын сипаттайтын бүкіл элементтер жиынын біріктіреді. Өзара байланыстарына талдау жасай отырып, теріс ықпал ететін неғұрлым келеңсіз элементтерді бөліп шығаруға, сөйтіп, оларға баса назар аударуға болады.

## Жұмсалған шығынның тиімділігі

**Жұмсалған шығынның тиімділігі** – теңгерімдік және таза пайданың өткізілген немесе өндірілген өнімге жұмсалған шығынның сомасына қатынасы. Кәсіпорынның өнімді өндіруге және өткізуге жұмсалған әрбір теңгеден қанша пайда алғанын көрсетеді. Жалпы кәсіпорын бойынша, оның жекелеген бөлімшелері және өнімнің түрлері бойынша есептелуі мүмкін. Жалпы кәсіпорын бойынша есептелген өндірістік қызмет тиімділігінің деңгейі (шығынның өзін-өзі өтеуі) бірінші қатардағы негізгі үш факторға: өткізілген өнімнің құрылымын өзгертуге, оның өзіндік құнына және өткізімнің орташа бағасына байланысты.

# Сатылым тиімділігі

**Сатылым тиімділігі** – өнімді өткізуден, жұмыстарды орындаудан және қызметтерді көрсетуден алынған пайданың немесе таза пайданың алынған ақшалай түсімге қатынасы. Кәсіпкерлік қызметтің тиімділігін: сатылымның бір теңгесінен кәсіпорынның қанша пайда түсуіне қарай анықтайды. Бұл көрсеткіш нарықтық экономикада кең ауқымда қолданылды. Жалпы кәсіпорын бойынша және жекелеген өнім түрлері бойынша есептеледі. Сатылған өнімнің әрбір теңгесінен кәсіпорынның қанша операц. пайда сомасын алатынын, яғни өнімнің өзіндік құны өтелгеннен кейін кәсіпорында қанша пайда қалатынын көрсетеді. Сатылым тиімділігі компания қызметінің аса маңызды қырын – негізгі өнімнің өткізілімін сипаттайды, сондай-ақ тиімділіктің сатылымдағы үлесін бағалайды.

# Капиталдың тиімділігі

**Капиталдың тиімділігі (табыстылығы)** – теңгерімдік (таза) пайданың бүкіл инвестицияланған капиталдың немесе оның жекелеген бөліктерінің: меншікті (акционерлік), қарыз, негізгі, айналым, өндірістік капиталдың, т.б. орташа жылдық құнына қатынасы.

# Пайдалану тиімділігі

**Пайдалану тиімділігі** - келесі жалпыланған критерийлері үнемділігі, зақымдалмағандығы, өнімділігі бойынша бағапауға болатын, жүйенің, құрылғының тиімділігі.



## *Қолданылған әдебиеттер*

ФАРМАЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ЭКОНОМИКАСЫ  
МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗДЕРІМЕН ПӘНІ  
БОЙЫНША ТАҢДАМАЛЫ ДӘРІСТЕР ЖИНАҒЫ.

(Оқу - әдістемелік құрал) Тұрсынова Ш. Б - Қарағанды, 2008.